

Сабақтың тақырыбы		Отбасы-бақыт мекені
Күні:		15.09.2025ж
Сабақтың мақсаты		Оқушылардың отбасы туралы түсініктерін кеңейту. Өз жанұясы туралы әңгімелеуге, сахналауға үйрету. Оқушыларды ұйымшылдыққа, жауапкершілікке, өз ойын жеткізе білуге тәрбиелеу.
Құндылықтарды дарыту		Жанұяның – қорған, ата-ананың – бала тірегі екенін дарыту
Көрнекіліктер		Интерактивті тақта, домбыра, көрініс қажеттіліктері, жапсырма қағаздар.
Сабақ барысы		
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	Мұғалім:Құрметті ұстаздар, қонақтар! Ашық тәрбие сағатымызға қош келдіңіздер! Балалар, біз бүгін керемет бір ғажайып әлем туралы әңгімелесеміз. Қалай ойлайсыздар, ол әлем қандай әлем болуы мүмкін? Қане ойлап көріңдерші. Ол бір өзі кішкентай ғана шағын мемлекет. Жауап: «Менің жанұям»,«Отбасы». - Ол мемлекет қандай болуы мүмкін? Жауап: Бақытты, тату, өнерлі, үлгілі. Хор: Әнұран	Интерактивті тақта
Сабақтың ортасы	1-жүргізуші:Отбасы — адам баласының түп қазығы, алтын ұясы. Адам баласы шыр етіп дүние есігін ашқаннан бастап сол ортаның ыстық - суығына бейімделіп, ықпалына көніп, осында ер жетеді. Отбасының екі тірегі — әлпештеген әке мен аялаған ана. Ата - анаға үлкенге қызмет етіп, әкеңнің еңбегін, анаңның ақ сүтін өтеу — біздің борышымыз. Ата — ана — отбасының негізгі діңгегі, бастапқы дәнекері. Бала әкеден ақыл, анадан мейірім алады. 2-жүргізуші:Әке туралы айтсақ, әке отбасының асыраушысы, қамқоршысы. Ана — отбасының ұйтқысы, жылуы, шуағы. Келесі «Ашық микрофон» арқылы сіздерге отбасы туралы бірнеше сұрақтар қойылады. Ойларыңызды ашық, еркін айтуларыңыз сұралады. Сұрақтар: 1. Отбасы дегенді қалай түсінесіңдер? 2. Отбасының басшысы кім? 3. Отбасы қандай болуы керек? 4. Барлық отбасы бірдей болады деп ойлайсыңдар ма? 5. Сен қандай отбасын армандайсың? 5. Өз отбасыңа көңілің тола ма? 7. Отбасын неліктен жақсы көресіңдер? 1-жүргізуші:Отбасы — әр бала үшін алтын бесік. Бала отбасы аясында түлеп өседі, оңы мен солын сонда таниды. Ол отбасы жағдайында өмірдегі әр түрлі жағдайларда өзін қалай ұстауды, адамгершілік әліппесі: кішіпейіл болу, ізеттілік, сыйластық, үлкендермен және кішілермен қандай қарым — қатынаста болу керек сияқты тәжірибе жинақтайды және оны меңгереді. 2-жүргізуші: Отбасы – ол ең жақын адамдардың ошағы. Әрқашан отбасы мүшелерін сыйлап, құрметтеу керек. Ендеше отбасылық қойылыммен бүгінгі тәрбие сағатымызды жалғастыра түспекпіз.(Ата, әже, немересі отырады.) Көрші Данекер: Ассалаумағалейкүм Ата Ернар: Уағалейкүмассалам,төрлет балам. Әже Айдай: аманбысың шырағым. Зейін немере: Сәлметсізбе, төрлетіңіз аға, қош келдіңіз! Көрші: «Адамдықтың белгісі-иіліп сәлем бергені» деген неткен кішіпейіл едің. Әже: Е-е-е Асқар-ау немерем баламның төресіғой. Ата: Көрген білгеніңді айта отыр балам.	Отбасы суреттері Микрофон Үстел, орындық

Көрші: Бүгін отбасы күні екен, «Қарты бар үйдің қазынасы бар» - деген, мерекелеріңмен құттықтай келдім.

Ата: Өркенің өссін, «Үлкенге құрмет, кішіге ізет» - деген ілтипатыңнан айналдым. Бала-келінде жұмыста еді. Астан ала отыр.

1-жүргізуші: Отбасы – шағын мемлекет. Ол – тәлім мен тәрбиенің, үлгі мен өнегенің, мейірімділік пен адамгершіліктің ордасы. Ендеше отбасы құрамына дайындаған оқушылардың жыр шумақтарына кезек берелік.

Айшат: Атамнан басталар,

Әжеммен қосталар,

Отбасы мыналар:

Әкем мен анам бар,

Бір туған ағам бар,

Бір туған апам бар,

Бәрін жақсы көремін,

Еркелеймін, еремін.

Зейін: «Ана» өлеңін оқиды.

Бала, бала, бала деп

Түнде шошып оянған.

Түн ұйқысын төрт бөліп,

Түнде бесік таянған.

Ол кім? Ол – Ана!

Исатай: «Әке»

Үнемі ақыл беретін,

Мен үшін әкем бәйтерек.

Әкенің алып тәрбиесін,

Азамат болып өсемін

Ерте кетіп жұмысқа,

Үйге кештеп қайтатын,

Болған күндіз құрылыста

Қызықтарды айтатын.

Жаз келісімен, күн қызып,

Машинасын жүргізіп,

Барлық көрші баланы

Маған қоса мінгізіп,

Аралайтын даланы,

Қыдыртатын қаланы-

Әкем менің қандай-ды!

Нұрәли:

Немересін ойнатар,

Сәл нәрсені тойлатар.

Ата-әжеге мың алғыс,

Көңілдерді жайлатар.

Перизат: Әкем менің асыл жан,

Жақсылыққа йретіп,

	Жамандықтан шектейді, Әжеме ешкім жетпейді. Жанерке: «Апа» Кішкентай бөбек кезімнен Әлдилеген ойнатқан, Еркелетіп күлгізген, Алғаш «апа» дегем мен. Апам менің қандайды. Елжан: «Аға» Қарағанда басқаға, Қызықты көп бастайтын. Күнде ертемен бақшаға Мені апарып тастайтын. Талай-талай істерде Үлгі болар біздерге Ағам менің қандай-ды Шұғыла: Атамнан басталар, Әжемнен қосталар Отбасым мынылар: Ең жақын адамдар- Әкем мен анам бар, Бір туған ағам бар, Бір туған апам бар.. Бәрін жақсы көремін, Еркелеймін,еремін! Перизат, Назерке, Нұрасыл 1-жүргізуші: Данекер мен Нұрәлінің орындауында «Отбасым» әнін қабыл алыңыздар. Көрші: «Жақсының жақсылығын айт нұры тассын» деген, сіз елге де, тумаласқа да, көршіге де сыйлысыз. Артық бір жаман сөз айтып, балағаттап көрмегенсіз. Бала көргенін жасайды дейдіғой, сіздің тәлім –тәрбиеңізден өскен бала да, немере де жаман болмайды –ау. Ата: Е-е-е балам, «Не ексең соны орасың» - деген бар емес пе? Әже: Жақсыны үйреніп, жаманнан жиреніп жүргейсіздер. 2-жүргізуші: Отбасында көрген жақсы-жаман қылықтардың бәрі бала өміріне әсер етеді. Қазақ салтында отбасы тәлімі – ерекше дәстүр. Отан отбасынан басталады, – деген накыл сөз бекер емес. Адам өзінің ұрпағынан елді сүйсіндірер ұлы істерді тыңдырса деген мақсатты нысана етеді, үміт артады. Сол нитепен жақсылыққа баулиды. 1жүргізуші:Отбасы қоғамның негізгі бөлігі, ұрпақтар тарихи сабақтастығының, мәдениеттің, рухани құндылықтардың қазынасы болып саналады. Өнегелі отбасы араксында мемлекет те өркендейді, халықтың әл-ауқаты жақсарады. 2-жүргізуші:Әкем менің қорғаушым күнім дейтін, Анам менің қолдаушым тілім дейтін. Әжем менің ақылшым ойым дейтін, Ағам менің бауырым жаным дейтін. – ендеше Шұғыланың орындауында «Әжетайым» әнін қабыл алыңыздар. Көрші: Манадан байқап отырмын ата. Әр сөзіңізде тәлім бар. Мақалдап сөз саптауыңызда бір өнеге ғой. Немере: Атамнан үйренеріміз көп. Отан-отбасыдан басталады. Біз шағын мемлекетпіз деп үнемі айтып отырады.	
--	---	--

	Әже: Атасы батанды бер. Ата: Құтты болсын бүгінгі, Отбасының күні бұл! Қуанышта, шаттықта, Өтсін әрбір күнің бұл! Арайлы таң шуақты, Таң арайын сыйласын! Жаратқаным жар болып, Бар жақсысын жинасын! Шаңырақта шаттығы, Еселеніп, көбейсін! Отбасының күнінде, Жарқырағын, күлімде! Раббым Алла сыйласын, Бап шаттығын жүзіңе! Берік болып отбасы, Шайқалмасын шаңырақ! Аман болып отбасың, Жүргін сәтті адымдап! Әумин! Көрші: Мен жүрейін, аман болыңыздар. Ата: Саубол балам. 1-жүргізуші: Қане достар, сіздер де отбасы туралы қандай мақалдар білесіздер? (Мақалдар айтады оқушылар.) 2-жүргізуші: Жарайсыздар оқушылар. Сымбатына сән киімі жарасатын, Аспандаға айменен таласатын. Өнеріне сай келіп тұрғанына Бишілерге қызығып қарасасын. Келесі кезекті аруларымыздың «биыл» биіне кезек берелік. Ән: «Әке» қабыл алыңыздар. Орындайтын Сержан мен Зейін. 1-жүргізуші: О, ата-анам, таянышым тірегім! Бар бақытты бір басыңа тіледім. Бізді жақсы болса екен деп қашанда Лүпілдейді сенің қамқор жүрегің.	
Сабақтың соңы	2-жүргізуші: Әр отбасыға амандық, саулық тілейміз. Бреkesі артқан отбасы болайық. Осыменен «Отбасы – бақыт мекені» атты отбасылар күніне арналған кешіміз аяқталды.	

